

ӘОЖ 398 9: 420 (417)

А.А. Сейтхожаева

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.
E-mail: Seutkoga_A@mail.ru

Паремиологиялық бірліктердегі ортақ және айырым белгілер

Аңдатпа. Мақалада паремиологиялық бірліктердегі ортақ және айырым белгілер қарастырылады. Ағылшын, түрік және қазақ тілдеріндегі ұқсастықтар айқындалып, салыстырмалы талдау жасалады. **Түйін сөздер:** паремиология, бірлік, мақал-мәтел.

Мақал-мәтелдер — халықтың ғасырлар бойына көкейіне түйіп, көңіл түкпірінде сақтаған ұрпақ еншісіне тиесілі алтын қазынасы, рухани мұрасы. Зерттеу деректері бойынша мақал – ана тілімізге араб тілінен енген "орынды сөз" деген ұғымды білдіретін кірме сөз. Мақал мен мәтелдің бір-бірінен айырмашылығы жөнінде М. Әуезов: "Мақал толық тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құралады. Ал мәтел, мақал сияқты толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады", – деп жазған еді [1, 193-б.].

Үлкен совет энциклопедиясында мақалға: "Пословица – меткое образное изречение, которое обобщает и типизирует различное явление жизни. Для пословицы характерно полное выражение мысли и наличие вывода, в отличие от поговорки, которая выражает мысль неполно" [2, 43-б.], – деген анықтама берілген. Бұған қарағанда мақалға тән қасиет өмірдегі түрлі құбылысты жинақтау және типтендіру, әрі тауып айтылған бейнелі сөз болуы, ойды түгел беруі, әрі қорытынды жасауы мақалды ойды толық жеткізбей тұспалдап айтатын мәтелден айырып тұрады.

Ахмет Байтұрсынов мақал мен мәтел жайлы: "Мәтел дегеніміз – кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады", – деп мақал мен мәтелдің ара-жігін қысқа да нұсқа айырса [3, 250], ғалым К. Аханов: "Мақалдар көбінесе екі

бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды түйінді пікір айтылады", – деген пікір айтады [4, 177-б.]. Десек те, "Ел іші – алтын бесік" тәрізді кейбір мақалдардың жалғыз сөйлемнен тұрып та, тікелей кесіп айтылған пікірді, қорытынды түйінді білдіруін жоққа шығара алмаймыз. Мұнда мәтелдегідей жанамалай айтылған тұспал болмайды.

М. Әлімбаев: "Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы", – деген өте орынды пайымдауында мақал табиғатына тән ерекшеліктердің барлығы тұтастай қамтылған [5, 16-б.]. Жалпы мақал барлық елде кездеседі. Бір елмен екінші бір халықтың мақалдарының өте ұқсас келетіні де кездесіп отырады. Өмір сүру салты, тұрмыста қолданатын бұйымдары бірдей жағдайда туған мақалдардың мағыналас, ұқсас болуы заңдылық. Мысалы, ағылшынша: «*Better late than never*» деген мақал қазақшада: «*Ештен кеш жақсы*», түрікшеде: «*Hiçten geç yeğdir*» болып келеді. *Үш елдің мақалы айтылуы, мағынасы жағынан да бірдей. Осы секілді үш тілдегі мағыналас мақалдарды салыстырып көрсек:*

«A good wife makes a good husband».

«Жаксы әйел жаман еркекті адам етеді».

«Kadın kocasını isterse vezir isterse rezil eder».

Немесе:

«Better die standing than live kneeling».

«Тізерлеп өмір сүргенше, тік тұрып өлген артық».

«Baş eğerek yaşamaktansa, boyun eğmeden ölmek daha iyidir».

А. Нұрмаханов тұрақты сөз тіркестерін мақал-мәтелдермен салыстырғанда, кейбір семантика-грамматикалық ерекшеліктерін атамай кетуге болмайтындығын тілге тиек ете келіп: "Тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдерге қарағанда, көлемі қысқа болып келеді де, ой аяқталмайды, етістікті және есімді тұрақты сөз тіркестері өздерінің жасалу тәсілінде тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. Сонымен қатар тұрақты сөз тіркестері де, мақал-мәтелдер де ертеден қалыптасқан дайын күйінде қолданылады. Мақалдар аяқталған ойды білдіреді, көпшілігі екі тармақтан тұрады [6, 215-б.]. Алайда тұрақты тіркестердің қос тағанды болып, аяқталған ойды білдіретін түрлерінің де кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Тіпті кей халықтар мақал және мәтел деп бөлмейді де, мысалы, өзбек халқы тек "мақол" деп, ал түріктер "аталар сөзі" деп қана атайды, бұл мәселе ағылшын тіліне де қатысты.

Қазақ совет энциклопедиясында мәтелге: "Мәтел дегеніміз – қорытынды түйіндеуі тура айтылмайтын, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, тұжырымы тұспалды, ықшамды, кестелі нақыл сөз", – деп анықтама берілген [7, 68-б.]. Мәтелдің мақалдан басты айырмашылығы – ықшамдылығы мен қысқалығы, тұжырымының тиянақталмауы. Мәтел сөз арасында айтылып сөзді жандандыра түседі, тілге ерекше көрік береді, айтылымш пікірді қуаттап нықтайды. Мәтел, сонымен қатар толық сөйлем ретінде де кездесе береді.

«All one's geese are swans» (с.с.а. Біреудің қаздары аққудай). (Komşunun tavuğu kaz görünür) . «The shoe is on the other foot» (с.с.а. Басқа аяқтағы аяқ киім) (Başka ayakkabındaki ayaklar). «That's the horse of another colour», (с.с.са. Ол – басқа түсті ат) (O başka bir renkteki at). «Do you see any green in my eye?» (с.с.са. Менің көзімнен жасыл көріп тұрмысың?), (Benim gözümden başka şeyler mi görülüyor?).

Сонымен, мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел жанамалап, меңзеп, тұспалдап жеткізеді. Мысалы: «Көрмегенге көсеу таң»; «Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты»; «Апама жездем сай», т.б.

Кембридж энциклопедиясындағы анықтамада: "Effectiveness of a proverb lies largely in its brevity and directness. The syntax is simple, the images vivid, and the allusions domestic, and thus easy to understand"[8, 184]. Қазақшасы: (Мақалдың әсерлілігі оның қысқалығы мен туралығында жатыр. Құрылымы қарапайым, айтылар ой анық болғандықтан түсінуге жеңіл).

Мақалдарды зерттеуші ғалымдардың бірі Лорд Бакон: "The genius, wit, and spirit of a nation are discovered in their proverbs" (Ұлттың данышпандығы, даналығы мен рухы сол ұлттың мақалдарында айқындалады), – десе [9, 5-б.], Дейвид Муризон: "A proverb is essentially a social phenomenon Handed down by word of mouth from one generation to the next" (Мақал – негізінен, әлеуметтік құбылыс. Бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ауызша таралады), – деп мақал-мәтелдің кумулятивтік қызметін нақтылайды [10, 8-б.].

Осы мәселе төңірегінде Лорд Джон Расселл: "Proverb – the wit of one man and wisdom of many (Бірдің тапқырлығы мен көптің даналығы)" [11, 107-б.], Сервантес: "Мақалдар – ұзақ тәжірибеден алынған қысқа қорытынды" [12, 9-б.], James Howell: "Proverb – the people's voice (Мақал – халықтың дауысы (ой-тұжырымы))" [13, 52], Thomas Fuller: "Much matter decocted into a few words (Көп істі аз сөзге сиғызу)" [14, 11], Robert South: "What a proverb, but the experience and observation of several ages, gathered and summed up into one expression?" (Мақал дегеніміз не? Бірнеше ғасырлық тәжірибе мен бақылаудың бір сөзбен жинақталып берілуі)" [15, 98], William Penn: "Proverbs – directions for human life" (Мақалдар – адам өміріне берілген бағыт) [16, 7], Moses Ibn Ezra: "A proverb has three characteristics: few words, good sense, and a fine image" (Мақалдың үш сипаттамасы бар: аз сөз, жақсы түйін және әдемі образ)" [17, 9-б.] – деп анықтама береді.

Ал Atasözleri ve Deyimler sözlüğü атты түрік сөздігінде мақал-мәтелге былай анықтама берілген: «Atasözleri kalıplaşmış (klişe durumuna gelmiş) sözlerdir. Her atasözü, belli sözcüklerle söylenmiş olan donmuş bir biçimdir. Sözcükler değiştirilip yerlerine – aynı anlamda da olsa – başka sözcükler konulamayacağı dibi sözdiziminin biçimi de bozulamaz. Böyle değiştirmeler yapılırsa ortaya çıkan söz, – anlam değişmese dahi – atalarsözü diye anılmaz [18, 15-б.].

Жоғарыда ағылшын және түрік ғалымдарының мақалға берілген пікірі мен тұжырымдарын келтіріп өттік, ал қазақта айтылатын мақалмен қоса мәтелдің өзіне тән айырмашылықтары төмендегідей:

Мақал толық тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте, ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құралады. Ал мәтел, мақал сияқты толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады.

Мақал бір, екі, кейде төрт сөйлемнен құралады. Мысалы; *Өз үйім — өлең төсегім; Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. Жаманнан жақсы туды деп сүйінбе, Ол да тартар негізге. Жақсыдан жаман туды деп күйінбе, Ол да тартар негізге.* Қай халықта болмасын мақал әрқашан толық сөйлем күйінде келеді: «*Достың алыс-жақынын іс түскенде білерсің*». «*A friend is never known till a man have need*». «*Dost kara günde belli olur*».

Мақалда параллелизм көп. Сондықтан да мақалдың басым көпшілігі қос тармақты болып келеді: *Жол құған кәдеге жолығады, Сөз құған бәлеге жолығады. Who chatters to you, Will chatter of you. Yola düşen misafir olur, ziyafet çeker.*

Қазақ және ағылшын мақалдарының ішінде үш тармақты, төрт тармақты түрлері де кездеседі. Мысалы: «*Кеспе көже күн батқанша, Бидай көже ел жатқанша, Тары көже таң атқанша*».

Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген есті артық.

Бәйге алмаған жүйрікпен Белі жуан бесті артық;

«*Үйдің жылы-суығын, Қыс түскенде білерсің. Достың алыс-жақынын, Іс түскенде білерсің*». Ағылшында: «*The cuckoo comes of mid March, And cucks of mid April; And goes away of Midsummer month, When the corn begins to fill*».

«*When the cuckoo comes to the bare thorn. Sell your cow and buy you corn: But when she comes to the full bit, Sell your corn and buy you sheep*».

Мәтел, мақал сияқты толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады. Бір кейде екі сөйлем түрінде кездеседі. Мысалы: «*Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты*», «*Өз үйім деме, үй артында кісі бар*». Мәтелде тұжырым, қорытынды жоқ. Айтылар ой тура айтылмай тек емеурін, ишаратпен жеткізіледі. Мысалы: «*Анама жездем сай*». «*Мен не деймін, қобызым*

не дейді». Контекске орай әртүрлі жағдайда пайдалануға келеді.

Қолда бар деректерге сүйенсек, ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара-жігін бөліп қарамайды. Бұл туралы белгілі ғалым А.В. Кунин былай дейді: "Понятие поговорки в современной фольклористике является неопределенным, включающим различные структурно-семантические типы устойчивых образных сочетаний слов. По существу, единственное, что объединяет эти различные сочетания слов, – это то, что они не являются пословицами, хотя близость тех и других в отдельных случаях отрицать неприводится. В английской и американской лингвистической литературе также не проводится четкого разграничения между пословицей и поговоркой. Этим объясняется, почему английские словари пословиц печатают также обороты явно не пословичного характера» [19, 3-б.].

Ағылшын тіліндегі мақалдар қолданысы мен мағынасы жағынан екі топқа бөлінеді:

1. Тура мағынасында қолданылатын мақалдар.

2. Ауыспалы мағынасында қолданылатын мақалдар. Біріншісі үнемі тура мағынада қолданылып, көбінесе үгіт, өсиет, ақыл-кеңес түрінде айтылады, ал екіншісі негізгі ойды астарлап ишаратпен береді. Мысалы: "*Never bow to your enemy and spare nothing for your friend.*" "*Жауға жалынба, досқа тарынба*" «*Düşmana yalvarma, arkadaşına her şeyi yar*». "*False friends are worse than open enemies*". "*Жалған достан жау артық*" «*Vefasız dosttan düşman daha iyi*». "*What is done can not be undone*". "*Болар іс болды, бояуы сіңді*» «*Olaçağına vardı*», "*A man is known by the company he keeps*", "*Досына қарап кісіні таны*" "*Bana arkadaşımı söyle sana kim olduğumu söyleyeyim*".

Бұл мақалдар тұп-тура өз мағынасына айтылып тұр. Ал ауыспалы мағынада айтылғанда ол бір астарлы пікірге топшыланады. Ағылшын тілінде де ауыспалы мағынада қолданылатын мақалдар өте көп. Мысалы: "*Man is to man a wolf*" «*İnsan insanın şeytanıdır*», "*Адам адамға қасқыр*", яғни адамның жауы – адам деген ұғым; "*The tongue is not steel but it cuts*". "*Dayak eti, söz kemiği acıtır*" "*Таяқ еммен – сөз сүйектен өтеді*"; "*Speech is silver, but silence is gold*" "*Söz gümüşe, süküt – altın*"; "*Аз сөз – ал*

тын, көп сөз – күміс "; "Time is money" "Vakit na-kittir! "Уақыт – алтын қазына». Үш халықтың мақалдарын салыстыра отырып, мағынасы мен құрылымы жағынан мақалдың бір-біріне жақын болатындығын байқаймыз. Демек, мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесінің бір ауыз сөзбен берілген қорытындысы, түйіні. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел жанамалап, меңзеп, тұспалдап жеткізеді. Мақалда айтылар ой тура не астарлап айтылады. Мақал-мәтелдердің авторы болмайды, нақыл сөздердің, қанатты сөздердің авторы болады. Мақал-мәтелдердің шешендік сөз үлгісіне қарағанда мазмұны жалпы болады. Мақал-мәтелдер өзге тұрақты сөз орамдарынан (қанатты сөз, т.б.) тұлға жағынан ықшам, мазмұн жағынан әмбебап болады. Мақал-мәтелдер өзге сөз орамдарына қарағанда әлдеқайда тұрақты, тиянақты болып келеді.

Әдебиеттер

- 1 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 8-6 б.
- 2 Большая Советская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия. – Москва, 1972. – 34-т.
- 3 Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989.

4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.

5 Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы, 1967.

6 Нұрмаханов А. Фразеологизмдердің кейбір теориялық мәселелері. Материалы научно-методической конференции. – Алматы, 1999. – 215 б.

7 Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1975.

8 The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Edition by David Crystal. – P. 184.

9 Lord John Bakon. Proverbs. 1696.

10 David Murison, Scots Saws: From the folk – wisdom of Scotland. – Mercat Press, 1981.

11 Lord John Russell. Quarterly Review. – 1850. – P. 107.

12 Cervantes. Don Quixote. – 1605.

13 James Howell. Lexicon, Proverbs. – 1594-1666.

14 Fuller Thomas. The Worthies of England. 1662.

15 Robert South. Sermons. – 1692.

16 William Penn. Advice to his Children. – 1699. – P. 44.

17 Moses Ibn Ezra. Shirat Yisrael. – 1924.

18 Ömer Asım Aksoy. Atasözleri ve Deyimler sözlüğü 1. – 1988. – S. 486.

19 Ибрагимов Ш. Мақал-мәтелдер. – Алматы, 1874.

А.А. Сейтхожаева

Общие и некоторые особенности паремиологических единиц

В статье рассматриваются общие и некоторые особенности в паремиологических единицах. Выявляется сходство в английском, турецком и казахском языках. Дается сравнительный анализ паремиологических единиц в выше упомянутых языках.

Ключевые слова: паремиология, единица, пословицы и поговорки.

A.A. Seitkhodzhayeva

General and some of the features Paremiological units

This article discusses common and some of the features in Paremiological unit. Revealed similarities in English, Turkish and Kazakh. Comparative analysis Paremiological unit in the above mentioned language

Keywords: Paremiology, unit, proverbs.